

"Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің уәкілетті органдары арасында берілген фитосанитариялық сертификаттар туралы ақпарат алмасуды қамтамасыз ету" ортақ процесін Еуразиялық экономикалық одақтың интеграцияланған ақпараттық жүйесінің құралдарымен іске асыру кезіндегі ақпараттық өзара іс-қимылды регламенттейтін технологиялық құжаттар туралы

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2019 жылғы 24 желтоқсандағы № 229 шешімі

Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар және Еуразиялық экономикалық одақ шеңберіндегі ақпараттық өзара іс-қимыл туралы хаттаманың (2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа № 3 қосымша) 30-тармағына сәйкес және Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2014 жылғы 6 қарашадағы № 200 шешімін басшылыққа ала отырып, Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасы **шешті:**

1. Қоса беріліп отырған:

"Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің уәкілетті органдары арасында берілген фитосанитариялық сертификаттар туралы ақпарат алмасуды қамтамасыз ету" ортақ процесін Еуразиялық экономикалық одақтың интеграцияланған ақпараттық жүйесінің құралдарымен іске асыру кезіндегі ақпараттық өзара іс-қимыл қағидалары;

"Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің уәкілетті органдары арасында берілген фитосанитариялық сертификаттар туралы ақпарат алмасуды қамтамасыз ету" ортақ процесін Еуразиялық экономикалық одақтың интеграцияланған ақпараттық жүйесінің құралдарымен іске асыру кезінде Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің уәкілетті органдары мен Еуразиялық экономикалық комиссия арасындағы ақпараттық өзара іс-қимыл регламенті;

"Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің уәкілетті органдары арасында берілген фитосанитариялық сертификаттар туралы ақпарат алмасуды қамтамасыз ету" ортақ процесін Еуразиялық экономикалық одақтың интеграцияланған ақпараттық жүйесінің құралдарымен іске асыру кезінде Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің уәкілетті органдары арасындағы ақпараттық өзара іс-қимыл регламенті;

"Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің уәкілетті органдары арасында берілген фитосанитариялық сертификаттар туралы ақпарат алмасуды

қамтамасыз ету" ортақ процесін Еуразиялық экономикалық одақтың интеграцияланған ақпараттық жүйесінің құралдарымен іске асыру үшін пайдаланылатын электрондық құжаттар мен мәліметтердің форматтары мен құрылымдарының сипаттамасы;

"Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің уәкілетті органдары арасында берілген фитосанитариялық сертификаттар туралы ақпарат алмасуды қамтамасыз ету" ортақ процесіне қосылу тәртібі бекітілсін.

2. Мыналар:

а) Осы Шешіммен бекітілген Сипаттамада көзделген электрондық құжаттар мен мәліметтер құрылымдарының техникалық схемаларын әзірлеуді және оларды сыртқы және Еуразиялық экономикалық одақтың интеграцияланған ақпараттық жүйесінің құралдарымен іске асыру кезінде пайдаланылатын электрондық құжаттар мен мәліметтер құрылымдарының тізіліміне орналастыруды қамтамасыз етуді құзыретіне Еуразиялық экономикалық одақтың интеграцияланған ақпараттық жүйесін құру және дамыту жөніндегі жұмыстарды үйлестіру кіретін Еуразиялық экономикалық комиссияның департаменті жүзеге асырады;

б) "Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің уәкілетті органдары арасында берілген фитосанитариялық сертификаттар туралы ақпарат алмасуды қамтамасыз ету" ортақ процесіне қосылу рәсімін орындау мерзімі осы Шешім күшіне енген күннен бастап 9 айдан аспайды деп белгіленсін.

3. Осы Шешім ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік 30 күн өткен соң күшіне енеді.

*Еуразиялық экономикалық комиссия
Алқасының Төрағасы*

Т. Саркисян

Еуразиялық экономикалық
комиссия Алқасының
2019 жылғы 24 желтоқсандағы
№ 229 шешімімен
БЕКІТІЛГЕН

"Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің уәкілетті органдары арасында берілген фитосанитариялық сертификаттар туралы ақпарат алмасуды қамтамасыз ету" ортақ процесін Еуразиялық экономикалық одақтың интеграцияланған ақпараттық жүйесінің құралдарымен іске асыру кезіндегі ақпараттық өзара іс-қимыл қағидалары

I. Жалпы ережелер

1. Осы Қағидалар Еуразиялық экономикалық одақ (бұдан әрі – Одақ) құқығына кіретін мына актілерге сәйкес әзірленді:

2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шарт (бұдан әрі – Шарт);

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының "Карантиндік фитосанитариялық шаралар қолдануды ақпараттық қамтамасыз ету саласында жалпы процестерді іске асыру қағидаларын бекіту туралы" 2019 жылғы 19 наурыздағы № 38 шешімі;

Кеден одағы Комиссиясының "Еуразиялық экономикалық одақта өсімдіктердің карантинін қамтамасыз ету туралы" 2010 жылғы 18 маусымдағы № 318 шешімі;

Еуразиялық экономикалық комиссия Кеңесінің "Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік шекарасында және кедендік аумағында карантинге жатқызылған өнімге және карантинге жатқызылған объектілерге қойылатын Бірыңғай карантиндік фитосанитариялық талаптарды бекіту туралы" 2016 жылғы 30 қарашадағы № 157 шешімі;

Еуразиялық экономикалық комиссия Кеңесінің "Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік аумағында өсімдіктер карантинін қамтамасыз етудің бірыңғай қағидалары мен нормаларын бекіту туралы" 2016 жылғы 30 қарашадағы № 159 шешімі;

Кеден одағы Комиссиясының "Кеден одағының кедендік аумағында өсімдіктер карантинін қамтамасыз ету мәселелері туралы" 2010 жылғы 17 тамыздағы № 340 шешімі;

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының "Ортақ процестерді сыртқы және өзара сауданың интеграцияланған ақпараттық жүйесінің құралдарымен іске асыру кезінде ақпараттық өзара іс-қимыл жасауды регламенттейтін технологиялық құжаттар туралы" 2014 жылғы 6 қарашадағы № 200 шешімі;

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының "Сыртқы және өзара сауданың интеграцияланған ақпараттық жүйесінде деректерді электрондық алмасу қағидаларын бекіту туралы" 2015 жылғы 27 қаңтардағы № 5 шешімі;

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының "Еуразиялық экономикалық одақ шеңберіндегі ортақ процестер тізбесі және Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2014 жылғы 19 тамыздағы № 132 шешіміне өзгеріс енгізу туралы" 2015 жылғы 14 сәуірдегі №29 шешімі;

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының "Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің мемлекеттік билік органдарының бір-бірімен және Еуразиялық экономикалық комиссиямен трансшекаралық өзара іс-қимылы кезінде электрондық құжаттармен алмасу туралы ережені бекіту туралы" 2015 жылғы 28 қыркүйектегі № 125 шешімі;

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының "Еуразиялық экономикалық одақ шеңберінде Жалпы процестерді талдау, оңтайландыру, үйлестіру және сипаттау әдістемесі туралы" 2015 жылғы 9 маусымдағы № 63 шешімі.

II. Қолданылу саласы

2. Осы Қағидалар "Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің уәкілетті органдары арасында берілген фитосанитариялық сертификаттар туралы

ақпарат алмасуды қамтамасыз ету" ортақ процесі (бұдан әрі – ортақ процесс) шеңберінде орындалатын рәсімдерді сипаттауды қоса алғанда, аталған ортақ процеске қатысушылар арасында ақпараттық өзара іс-қимыл тәртібі мен шарттарын айқындау мақсатында әзірленді.

3. Осы Қағидаларды ортақ процеске қатысушылар ортақ процесс шеңберінде рәсімдер мен операцияларды орындау тәртібін бақылау кезінде, сондай-ақ ортақ процесті іске асыруды қамтамасыз ететін ақпараттық жүйелердің компоненттерін жобалау, әзірлеу және пысықтау кезінде қолданады.

III. Негізгі ұғымдар

4. Аталған Қағидаларда ұғымдар Шартта, Кеден одағы Комиссиясының 2010 жылғы 18 маусымдағы № 318 шешімінде, 1951 жылғы 6 желтоқсандағы Өсімдіктер карантині және оларды қорғау жөніндегі халықаралық конвенцияда, фитосанитариялық шаралар жөніндегі халықаралық стандарттарда және Одақ құқығына кіретін өзге де актілерде айқындалған мәндерде қолданылады.

Осы Қағидаларда қолданылатын "ортақ процесс рәсімдерінің тобы", "ортақ процестің ақпараттық объектісі", "орындаушы", "ортақ процесс операциясы", "ортақ процесс рәсімі" және "ортақ процеске қатысушы" деген ұғымдар Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2015 жылғы 9 маусымдағы №63 шешімімен бекітілген Еуразиялық экономикалық одақ шеңберінде Жалпы процестерді талдау, оңтайландыру, үйлестіру және сипаттау әдістемесінде айқындалған мәндерде қолданылады.

IV. Ортақ процесс туралы негізгі мәліметтер

5. Ортақ процестің толық атауы: "Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің уәкілетті органдары арасында берілген фитосанитариялық сертификаттар туралы ақпарат алмасуды қамтамасыз ету".

6. Ортақ процестің кодтық белгіленімі: P.SS.11, нұсқа 1.0.0.

1. Ортақ процестің мақсаттары мен міндеттері

7. Одақтың кедендік аумағының карантиндік фитосанитариялық қауіпсіздігін қамтамасыз ету және карантиндік фитосанитариялық талаптарға сәйкес келмейтін карантинге жатқызылған өнімді Одақтың кедендік аумағы арқылы өткізу кезінде карантинге жатқызылған өнімді бақылау мүмкіндігін қамтамасыз ету есебінен оларды әкелу, транзиті және айналысқа түсуі тәуекелін төмендету үшін жағдай жасау ортақ процестің мақсаты болып табылады.

8. Ортақ процестің мақсатына қол жеткізу үшін мынадай міндеттерді шешу қажет:

а) Одаққа мүше мемлекеттердің өсімдіктердің карантині жөніндегі уәкілетті органдары (бұдан әрі тиісінше – мүше мемлекет, уәкілетті орган) арасында мүше мемлекеттер арасында карантинге жатқызылған өнімнің партиясын өткізу кезінде берілген (оның ішінде ауыстыруға) фитосанитариялық сертификаттар туралы, сондай-ақ алып қойылған фитосанитариялық сертификаттар туралы мәліметтермен (бұдан әрі тиісінше – берілген фитосанитариялық сертификаттар туралы мәліметтер, алып қойылған фитосанитариялық сертификаттар туралы мәліметтер) жедел ақпарат алмасуды қамтамасыз ету;

б) сұрау салу бойынша уәкілетті органдардың мүше мемлекеттер арасында карантинге жатқызылған өнімнің партиясын өткізу кезінде фитосанитариялық сертификатты беру немесе бермеу фактісі туралы (бұдан әрі – фитосанитариялық сертификатты беру немесе бермеу фактісі туралы мәлімет), сондай-ақ Одақтың кедендік аумағынан басқа мүше мемлекеттердің аумағы арқылы үшінші елдерге әкетілген карантинге жатқызылған өнімнің партиясына ресімделген берілген фитосанитариялық сертификаттар туралы мәліметтерді (бұдан әрі – үшінші елдерге әкетілген карантинге жатқызылған өнімнің партиясына ресімделген берілген фитосанитариялық сертификаттар туралы мәліметтер) алуын қамтамасыз ету;

в) уәкілетті органдар арасында карантиндік фитосанитарлық бақылау (қадағалау) жүргізу кезінде анықталған бұзушылықтар туралы мәліметтермен (бұдан әрі тиісінше – бұзушылық, бұзушылықтар туралы мәлімет) жедел ақпарат алмасуды қамтамасыз ету;

г) уәкілетті органдардың сұрау салу бойынша Еуразиялық экономикалық комиссияға (бұдан әрі – Комиссия) мүше мемлекеттердің арасында өткізілетін карантинге жатқызылған өнімнің партиясына берілген фитосанитариялық сертификаттар туралы, сондай-ақ карантиндік фитосанитарлық бақылау (қадағалау) жүргізу кезінде анықталған бұзушылықтар туралы жалпыланған мәліметтерді (бұдан әрі – фитосанитариялық сертификаттар және бұзушылықтар туралы жалпыланған мәліметтер) ұсынуын қамтамсыз ету;

д) осы сәтте уәкілетті органдар қолданатын және берілген фитосанитариялық сертификаттар туралы ақпарат алмасу үшін қажетті тізбелерді, сыныптауыштарды және анықтамалықтарды әзірлеу, үйлестіру және өзектілендіру, сондай-ақ олардың электрондық нысандарын әзірлеу.

2. Ортақ процеске қатысушылар

9. Ортақ процеске қатысушылардың тізбесі 1-кестеде келтірілген.

1-кесте

Ортақ процеске қатысушылардың тізбесі

Кодтық белгіленімі	Атауы	Сипаттамасы
1	2	3

P.ACT.001	Комиссия	Одақтың уәкілетті органдардан фитосанитариялық сертификаттар және бұзушылықтар туралы жалпыланған мәліметтерге сұрау салуды және алуды жүзеге асыратын органы
P.SS.11.ACT.001	жөнелту орны мемлекетінің уәкілетті органы	мыналарды: межелі орын мемлекетінің уәкілетті органына берілген фитосанитариялық сертификаттар туралы мәліметтерді ұсынуды; межелі орын мемлекетінің уәкілетті органынан алып қойылған фитосанитариялық сертификаттар туралы мәліметтерді алуды; уәкілетті органға сұрау салу бойынша үшінші елдерге әкетілген карантинге жатқызылған өнімнің партиясына ресімделген фитосанитариялық сертификаттар туралы мәліметтерді ұсынуды; межелі орын мемлекетінің уәкілетті органынан бұзушылықтар туралы мәліметтер алуды; межелі орын мемлекетінің уәкілетті органына фитосанитариялық сертификатты беру немесе бермеу фактісі туралы мәліметтерді ұсынуды жүзеге асыратын уәкілетті орган
P.SS.11.ACT.002	межелі орын мемлекетінің уәкілетті органы	мыналарды: жөнелту орны мемлекетінің уәкілетті органынан берілген фитосанитариялық сертификаттар туралы мәліметтерді алуды; жөнелту орны мемлекетінің уәкілетті органына алып қойылған фитосанитариялық сертификаттар туралы мәліметтерді ұсынуды; жөнелту орны мемлекетінің уәкілетті органына бұзушылықтар туралы мәліметтер ұсынуды; жөнелту орны мемлекетінің уәкілетті органына фитосанитариялық сертификатты беру немесе бермеу фактісі туралы мәліметтерге сұрау салуды және алуды жүзеге асыратын уәкілетті орган
		жөнелту орны мемлекетінің уәкілетті органынан үшінші елдерге әкетілген карантинге жатқызылған өнімнің партиясына

P.SS.11.ACT.003	уәкілетті орган	ресімделген фитосанитариялық сертификаттар туралы мәліметтерге сұрау салуды және алуды; Комиссияға сұрау салу бойынша фитосанитариялық сертификаттар және бұзушылықтар туралы жалпыланған мәліметтерді ұсынуды жүзеге асыратын уәкілетті орган.
-----------------	-----------------	---

3. Ортақ процестің құрылымы

10. Ортақ процесс мына рәсімдердің жиынтығын білдіреді:

а) берілген фитосанитариялық сертификат туралы мәліметтерді ұсыну рәсімі (P.SS.11.PRC.001);

б) бұзушылық туралы мәліметтерді ұсыну рәсімі (P.SS.11.PRC.002);

в) алып қойылған фитосанитариялық сертификат туралы мәліметтерді ұсыну рәсімі (P.SS.11.PRC.003);

г) сұрау салу бойынша фитосанитариялық сертификатты беру немесе бермеу фактісі туралы мәліметтерді ұсыну рәсімі (P.SS.11.PRC.004);

д) сұрау салу бойынша үшінші елдерге әкетілген карантинге жатқызылған өнімнің партиясына ресімделген фитосанитариялық сертификат туралы мәліметтерді ұсыну рәсімі (P.SS.11.PRC.005);

е) сұрау салу бойынша фитосанитариялық сертификаттар және бұзушылықтар туралы жалпыланған мәліметтерді ұсыну рәсімі (P.SS.11.PRC.006).

Алдағы уақытта, Одақ құқығына карантинге жатқызылған өнімді бақылау мүмкіндігін қамтамасыз ету тетігін реттейтін құжаттарды енгізген жағдайда, Одақ құқығындағы өзгеріске сәйкес ортақ процестің құрамы кеңейтілуі мүмкін.

11. Уәкілетті органдар арасында мәлімет алмасу фитосанитариялық сертификатты беру немесе алып қою фактілері бойынша, сондай-ақ бұзушылықтарды анықтау фактілері бойынша жүргізіледі. Уәкілетті органдар Комиссияға да сұрау салу бойынша фитосанитариялық сертификаттар және бұзушылықтар туралы жалпыланған мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етеді.

Берілген фитосанитариялық сертификат туралы мәліметтерді ұсыну рәсімін орындау кезінде жөнелту орны мемлекетінің уәкілетті органы карантинге жатқызылған өнімді Одақ аумағында тасымалдау барысында оның партиясына ілеспе құжат берілген фитосанитариялық сертификат туралы мәліметті қалыптастырады және межелі орын мемлекетінің уәкілетті органына жібереді.

Бұзушылық туралы мәліметтерді ұсыну рәсімін орындау кезінде межелі орын мемлекетінің уәкілетті органы:

а) карантиндік фитосанитарлық бақылау (қадағалау) жүргізу кезінде анықталған бұзушылықтар ұсынылған фитосанитариялық сертификат қолдан жасалған немесе жарамсыз деп танылған;

б) фитосанитариялық сертификат карантинге жатқызылған өнім партиясының қойылатын карантиндік фитосанитарлық талаптарға сәйкестігін растамаған;

в) карантинге жатқызылған өнім партиясына берілген фитосанитариялық сертификат бойынша карантиндік фитосанитарлық бақылауды (қадағалауды) жүзеге асыру үшін межелі орын мемлекеті уәкілетті органының лауазымды адамын хабардар етпеу немесе карантинге жатқызылған өнімді көрсетпеу орын алған сияқты бұзушылық туралы мәліметті қалыптастырады және жөнелту орны мемлекетінің уәкілетті органына жібереді.

Алып қойылған фитосанитариялық сертификат туралы мәліметтерді ұсыну рәсімін орындау кезінде межелі орын мемлекетінің уәкілетті органы алып қойылған фитосанитариялық сертификат туралы мәліметтерді қалыптастырады және жөнелту орны мемлекетінің уәкілетті органына жібереді. Фитосанитариялық сертификат карантинге жатқызылған өнімнің партиясын жеткізу орны бойынша карантиндік фитосанитарлық бақылауды (қадағалауды) жүзеге асыру кезінде алып қоюға жатады.

Сұрау салу бойынша фитосанитариялық сертификатты беру немесе бермеу туралы мәліметтерді ұсыну рәсімін орындау кезінде межелі орын мемлекетінің уәкілетті органы фитосанитариялық сертификат туралы мәліметтерді алуға сұрау салуды қалыптастырады және жөнелту орны мемлекетінің уәкілетті органына жібереді. Жөнелту орны мемлекетінің уәкілетті органы межелі орын мемлекетінің уәкілетті органына берілген фитосанитариялық сертификат туралы мәліметтерді ұсынады немесе сұрау салу параметрлерін қанағаттандыратын мәліметтердің жоқ екендігі туралы хабарлама жібереді. Рәсім қажет болған жағдайда фитосанитариялық сертификатты беру фактісін тексеру мақсатында, соның ішінде фитосанитариялық сертификаттың қағаз нұсқасын ұсынған және межелі орын мемлекетінің уәкілетті органының ақпараттық жүйесінде оған сәйкес келетін электрондық фитосанитариялық сертификат болмаған жағдайда, фитосанитариялық сертификатты беру орны мүше мемлекет болып табылуы шартымен орындалады.

Сұрау салу бойынша үшінші елдерге әкетілген карантинге жатқызылған өнімнің партиясына ресімделген фитосанитариялық сертификат туралы мәліметтерді ұсыну рәсімін орындау кезінде уәкілетті орган үшінші елдерге әкетілген карантинге жатқызылған өнімнің партиясына ресімделген фитосанитариялық сертификат туралы мәліметтерді алуға сұрау салуды қалыптастырады және жөнелту орны мемлекетінің уәкілетті органына жібереді. Жөнелту орны мемлекетінің уәкілетті органы берілген фитосанитариялық сертификат туралы мәліметтерді уәкілетті органға ұсынады немесе сұрау салу параметрлерін қанағаттандыратын мәліметтердің жоқ екендігі туралы хабарлама жібереді. Рәсім қажет болған жағдайда карантинге жатқызылған өнімнің

партиясын Одақтың кедендік аумағынан басқа мүше мемлекеттердің аумағы арқылы үшінші елдерге әкету кезінде фитосанитариялық сертификатты беру фактісін тексеру мақсатында, фитосанитариялық сертификатты беру орны мүше мемлекет болып табылуы шартымен орындалады.

Сұрау салу бойынша фитосанитариялық сертификаттар және бұзушылықтар туралы жалпыланған мәліметтерді ұсыну рәсімі Комиссияның ортақ процесті іске асыру (орындау) нәтижелерін мониторингтеу және талдау мақсатында фитосанитариялық сертификаттар және бұзушылықтар туралы жалпыланған мәліметтерді алуы қажет болған кезде орындалады. Рәсімді орындау кезінде Комиссия фитосанитариялық сертификаттар және бұзушылықтар туралы жалпыланған мәліметтерді алуға сұрау салуды қалыптастырады және уәкілетті органдарға жібереді. Уәкілетті органдар Комиссияға фитосанитариялық сертификаттар және бұзушылықтар туралы жалпыланған мәліметтерді ұсынады немесе сұрау салу параметрлерін қанағаттандыратын мәліметтердің жоқ екендігі туралы хабарлама жібереді.


Уәкілетті органдар мен Комиссия арасында мәлімет алмасу Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2019 жылғы 24 желтоқсандағы № 229 шешімімен бекітілген "Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің уәкілетті органдары арасында берілген фитосанитариялық сертификаттар туралы ақпарат алмасуды қамтамасыз ету" ортақ процесін Еуразиялық экономикалық одақтың интеграцияланған ақпараттық жүйесінің құралдарымен іске асыру кезіндегі Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің уәкілетті органдары мен Еуразиялық экономикалық комиссия арасындағы ақпараттық өзара іс-қимыл регламентіне (бұдан әрі – Уәкілетті органдар мен Комиссия арасындағы ақпараттық өзара іс-қимыл регламенті) сәйкес жүзеге асырылады.

Уәкілетті органдар арасында мәлімет алмасу Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2019 жылғы 24 желтоқсандағы № 229 шешімімен бекітілген "Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің уәкілетті органдары арасында берілген фитосанитариялық сертификаттар туралы ақпарат алмасуды қамтамасыз ету" ортақ процесін Еуразиялық экономикалық одақтың интеграцияланған ақпараттық жүйесінің құралдарымен іске асыру кезіндегі Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің уәкілетті органдары арасындағы ақпараттық өзара іс-қимыл регламентіне (бұдан әрі – Уәкілетті органдар арасындағы ақпараттық өзара іс-қимыл регламенті) сәйкес жүзеге асырылады.

Ұсынылатын мәліметтердің нысаны мен құрылымы Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2019 жылғы 24 желтоқсандағы № 229 шешімімен бекітілген "Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің уәкілетті органдары арасында берілген фитосанитариялық сертификаттар туралы ақпарат алмасуды қамтамасыз ету" ортақ процесін Еуразиялық экономикалық одақтың интеграцияланған ақпараттық жүйесінің құралдарымен іске асыру үшін пайдаланылатын электрондық құжаттар мен

мәліметтер форматтарының және құрылымдарының сипаттамасына (бұдан әрі – Электрондық құжаттар мен мәліметтер форматтарының және құрылымдарының сипаттамасы) сәйкес келуі тиіс.

12. Ортақ процесс құрылымының келтірілген сипаттамасы 1-суретте берілген.



1-сурет. Ортақ процестің құрылымы

13. Операциялардың егжей-тегжейлі сипаттамасын қоса алғанда, ортақ процесс рәсімін орындау тәртібі осы Қағидалардың VIII бөлімінде келтірілген.

14. Бөлімде Ортақ процесс рәсімдері арасындағы байланыс пен оларды орындау тәртібін көрсететін жалпы схема келтіріледі. Рәсімдердің жалпы схемасы UML (біріздендірілген модельдеу тілі – Unified Modeling Language) графикалық нотациясын пайдалана отырып жасалды және мәтіндік сипаттамамен жабдықталды.

4. Ортақ процестің рәсімдері

15. Ортақ процесс рәсімдерінің тізбесі 2-кестеде келтірілген.

Ортақ процесс рәсімдерінің тізбесі

Кодтық белгіленімі	Атауы	Сипаттамасы
1	2	3
P.SS.11.PRC.001	берілген фитосанитариялық сертификат туралы мәліметтерді беру	рәсімді орындау барысында жөнелту орны мемлекетінің уәкілетті органы берілген фитосанитариялық сертификат туралы мәліметтерді қалыптастырады және межелі орын мемлекетінің уәкілетті органына жібереді
P.SS.11.PRC.002	бұзушылықтар туралы мәліметтерді ұсыну	рәсімді орындау барысында межелі орын мемлекетінің уәкілетті органы бұзушылықтар туралы мәліметтерді қалыптастырады және жөнелту орны мемлекетінің уәкілетті органына жібереді
P.SS.11.PRC.003	алып қойылған фитосанитариялық сертификат туралы мәліметтерді ұсыну	рәсімді орындау барысында межелі орын мемлекетінің уәкілетті органы алып қойылған фитосанитариялық сертификат туралы мәліметтерді қалыптастырады және жөнелту орны мемлекетінің уәкілетті органына жібереді
P.SS.11.PRC.004	сұрау салу бойынша фитосанитариялық сертификатты беру немесе бермеу фактісі туралы мәліметтерді ұсыну	рәсімді орындау барысында межелі орын мемлекетінің уәкілетті органы сұрау салу бойынша фитосанитариялық сертификатты беру немесе бермеу фактісі туралы мәліметтерді алуды жүзеге асырады
P.SS.11.PRC.005	сұрау салу бойынша үшінші елдерге әкетілген карантинге жатқызылған өнімнің партиясына ресімделген фитосанитариялық сертификат туралы мәліметтерді ұсыну	рәсімді орындау барысында уәкілетті орган сұрау салу бойынша үшінші елдерге әкетілген карантинге жатқызылған өнімнің партиясына ресімделген фитосанитариялық сертификат туралы мәліметтерді алуды жүзеге асырады
P.SS.11.PRC.006	сұрау салу бойынша фитосанитариялық сертификаттар және бұзушылықтар туралы жалпыланған мәліметтерді ұсыну	рәсімді орындау барысында сұрау салу бойынша Комиссияға фитосанитариялық сертификаттар және бұзушылықтар туралы жалпыланған мәліметтерді ұсыну жүзеге асырылады

V. Ортақ процестің ақпараттық объектілері

16. Олар туралы мәліметтер немесе олардан алынатын мәліметтер ортақ процеске қатысушылар арасындағы ақпараттық өзара іс-қимыл процесіне берілетін ақпараттық объектілер тізбесі 3-кестеде келтірілген.

3-кесте

Ақпараттық объектілердің тізбесі

Кодтық белгіленімі	Атауы	Сипаттамасы
1	2	3
P.SS.11.BEN.001	фитосанитариялық сертификат туралы мәлімет	жөнелту орны мемлекетінің уәкілетті органы межелі орын мемлекетінің уәкілетті органына ұсынатын берілген фитосанитариялық сертификаттар туралы мәліметтер (оның ішінде сұрау салу бойынша); межелі орын мемлекетінің уәкілетті органы жөнелту орны мемлекетінің уәкілетті органына ұсынатын алып қойылған фитосанитариялық сертификаттар туралы мәліметтер; сұрау салу бойынша үшінші елдерге әкетілген карантинге жатқызылған өнімнің партиясына ресімделген фитосанитариялық сертификат туралы мәліметтер
P.SS.11.BEN.002	бұзушылық туралы мәліметтер	межелі орын мемлекетінің уәкілетті органы жөнелту орны мемлекетінің уәкілетті органына ұсынатын бұзушылық туралы мәліметтер
P.SS.11.BEN.003	жалпыланған мәліметтер	сұрау салу бойынша Комиссияға ұсынылатын фитосанитариялық сертификаттар және бұзушылықтар туралы жалпыланған мәліметтер

VI. Ортақ процеске қатысушылардың жауаптылығы

17. Мәліметтердің уақтылы және толық берілуін қамтамасыз етуге бағытталған талаптарды сақтамағаны үшін Комиссияның ақпараттық өзара іс-қимылға қатысатын лауазымды адамдары мен қызметкерлерін тәртіптік жауапқа тарту – Шартқа, Одақ құқығын құрайтын өзге халықаралық шарттар мен актілерге сәйкес, ал уәкілетті органдардың лауазымды адамдары мен қызметкерлерін тәртіптік жауапқа тарту мүше мемлекеттердің заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

VII. Ортақ процестің анықтамалықтары мен сыныптауыштары

18. Ортақ процестің анықтамалықтары мен сыныптауыштарының тізбесі 4-кестеде келтірілген.

4-кесте

Ортақ процестің анықтамалықтары мен сыныптауыштарының тізбесі


Кодтық белгіленімі	Атауы	Түрі	Сипаттамасы
1	2	3	4
P.CLS.003	Еуразиялық экономикалық одақтың Сыртқы экономикалық қызметінің бірыңғай тауар номенклатурасы (ЕАЭО СЭҚ ТН)	сыныптауыш	Дүниежүзілік кеден ұйымының Тауарлары сипаттамасы мен кодталуының үйлестірілген жүйесіне және Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының Сыртқы экономикалық қызметінің бірыңғай тауар номенклатурасына негізделген тауарлар кодтарының және атауларының тізбесін қамтиды
P.CLS.015	көлік және тауарларды тасымалдау түрлерінің сыныптауышы	сыныптауыш	Кеден одағы комиссиясының 2010 жылғы 20 қыркүйектегі № 378 шешіміне сәйкес көлік құралдары және тауарларды тасымалдау түрлерінің тізбесін қамтиды
P.CLS.019	әлем елдерінің сыныптауышы	сыныптауыш	ISO 3166-1 стандартына сәйкес әлем елдерінің атаулары мен оларға тиісті кодтардың тізбесін қамтиды
P.CLS.021	жүктің, орамның және орам материалдары түрлерінің сыныптауышы	жүк түрлерінің сыныптауышы	Кеден одағы комиссиясының 2010 жылғы 20 қыркүйектегі № 378 шешіміне сәйкес жүктің, орамның және орам материалдары түрлерінің кодтары мен атауларының тізбесін қамтиды
			Кеден одағы комиссиясының 2010 жылғы 20 қыркүйектегі № 378 шешіміне сәйкес

P.CLS.023	өлшем бірліктерінің сыныптауышы	сыныптауыш	өлшем бірліктерінің кодтары мен атауларының тізбесін қамтиды
P.CLS.024	тілдер сыныптауышы	сыныптауыш	ISO 639-1 стандартына сәйкес тілдердің кодтары мен атауларының тізбесін қамтиды
P.CLS.036	Еуразиялық экономикалық одақ органдарының анықтамалығы	анықтамалық	Еуразиялық экономикалық одақ органдары атауларының тізбесін және оларға тиісті кодтарды қамтиды
P.CLS.054	Ұйымдық-құқықтық нысандардың сыныптауышы	сыныптауыш	ұйымдық-құқықтық нысандардың кодтары мен атауларының тізбесін қамтиды
P.CLS.068	шаруашылық субъектілерін сәйкестендіру әдістерінің анықтамалығы	анықтамалық	шаруашылық субъектілерін сәйкестендіргіштердің және сәйкестендіру әдістерінің тізбесін қамтиды
P.SS.11.CLS.001	Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің өсімдіктер карантині жөніндегі уәкілетті органдары аумақтық бөлімшелерінің анықтамалығы	анықтамалық	Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің өсімдіктер карантині жөніндегі уәкілетті органдарының аумақтық бөлімшелері атауларының тізбесін және оларға тиісті кодтарды қамтиды

VIII. Ортақ процесс рәсімдері

"Берілген фитосанитариялық сертификат туралы мәліметтерді беру" (P.SS.11.PRC.001) рәсімі

19. "Берілген фитосанитариялық сертификат туралы мәліметтерді беру" (P.SS.11.PRC.001) рәсімін орындау схемасы 2-суретте берілген.



2-сурет. "Берілген фитосанитариялық сертификат туралы мәліметтерді беру" (P.SS.11.PRC.001) рәсімін орындау схемасы

20. "Берілген фитосанитариялық сертификат туралы мәліметтерді беру" (P.SS.11.PRC.001) рәсімі мүше мемлекеттер арасында тасымалдау кезінде оның карантинге жатқызылған өнімнің партиясын алып жүру үшін фитосанитариялық сертификатты беру (соның ішінде ауыстыруға) фактісі бойынша орындалады.

21. Алдымен "Берілген фитосанитариялық сертификат туралы мәліметтерді беру" (P.SS.11.PRC.001) операциясы орындалады, оны орындау нәтижелері бойынша жөнелту орны мемлекетінің уәкілетті органы берілген фитосанитариялық сертификат туралы мәліметтерді қалыптастырады және межелі орын мемлекетінің уәкілетті органына жібереді.

22. Межелі орын мемлекетінің уәкілетті органы фитосанитариялық сертификат туралы мәліметтерді алған кезде "Берілген фитосанитариялық сертификат туралы мәліметтерді қабылдау және өңдеу" (P.SS.11.OPR.002) операциясы орындалады, оны орындау нәтижелері бойынша көрсетілген мәліметтерді қабылдау және өңдеу жүзеге асырылады. Жөнелту орны мемлекетінің уәкілетті органына берілген фитосанитариялық сертификат туралы мәліметтерді өңдеу туралы хабарлама жіберіледі.

23. Жөнелту орны мемлекетінің уәкілетті органы берілген фитосанитариялық сертификат туралы мәліметтерді өңдеу туралы хабарлама алған кезде "Берілген фитосанитариялық сертификат туралы мәліметтерді өңдеу туралы хабарлама алу" (P.SS.11.OPR.003) операциясы орындалады, оны орындау нәтижелері бойынша көрсетілген хабарламаны қабылдау және өңдеу жүзеге асырылады.

24. Фитосанитариялық сертификатта мәлімделген карантинге жатқызылған өнімнің партиясын алушы аумағында болатын межелі орын мемлекетінің уәкілетті органына

берілген фитосанитариялық сертификат туралы мәліметтерді беру "Берілген фитосанитариялық сертификат туралы мәліметтерді беру" (P.SS.11.PRC.001) рәсімін орындау нәтижелері болып табылады.

25. "Берілген фитосанитариялық сертификат туралы мәліметтерді беру" (P.SS.11.PRC.001) рәсімі шеңберінде орындалатын ортақ процесс операцияларының тізбесі 5-кестеде келтірілген.

5-кесте

"Берілген фитосанитариялық сертификат туралы мәліметтерді беру" (P.SS.11.PRC.001) рәсімінің шеңберінде орындалатын ортақ процесс операцияларының тізбесі

Кодтық белгіленімі	Атауы	Сипаттамасы
1	2	3
P.SS.11.OPR.001	берілген фитосанитариялық сертификат туралы мәліметтерді ұсыну	осы Қағидалардың 6-кестесінде келтірілген
P.SS.11.OPR.002	берілген фитосанитариялық сертификат туралы мәліметтерді қабылдау және өңдеу	осы Қағидалардың 7-кестесінде келтірілген
P.SS.11.OPR.003	берілген фитосанитариялық сертификат туралы мәліметтерді өңдеу туралы хабарламаны алу	осы Қағидалардың 8-кестесінде келтірілген

6-кесте

"Берілген фитосанитариялық сертификат туралы мәліметтерді беру" (P.SS.11.PRC.001) операциясының сипаттамасы

Р/с №	Элементтің белгіленімі	Сипаттамасы
1	2	3
1	Кодтық белгіленімі	P.SS.11.OPR.001
2	Операцияның атауы	берілген фитосанитариялық сертификат туралы мәліметтерді беру
3	Орындаушы	жөнелту орны мемлекетінің уәкілетті органы
4	Орындау шарттары	мүше мемлекеттер арасында тасымалдау кезінде оның карантинге жатқызылған өнімнің партиясын алып жүру үшін фитосанитариялық сертификатты беру (соның ішінде ауыстыруға) фактісі бойынша орындалады
5	Шектеулер	ұсынылған мәліметтердің форматы мен құрылымы Электрондық құжаттар мен

		мәліметтердің форматтары мен құрылымдарының сипаттамасына сәйкес келуге тиіс
6	Операцияның сипаттамасы	орындаушы Уәкілетті органдар арасында ақпараттық өзара іс-қимыл регламентіне сәйкес берілген фитосанитариялық сертификат туралы мәліметтерді қалыптастырады және межелі орын мемлекетінің уәкілетті органына жібереді
7	Нәтижелер	берілген фитосанитариялық сертификат туралы мәліметтер межелі орын мемлекетінің уәкілетті органына жіберілді

7-кесте

"Берілген фитосанитариялық сертификат туралы мәліметтерді қабылдау және өңдеу" (P.SS.11.OPR.002) операциясының сипаттамасы

Р/с №	Элементтің белгіленімі	Сипаттамасы
1	2	3
1	Кодтық белгіленімі	P.SS.11.OPR.002
2	Операцияның атауы	берілген фитосанитариялық сертификат туралы мәліметтерді қабылдау және өңдеу
3	Орындаушы	межелі орын мемлекетінің уәкілетті органы
4	Орындау шарттары	орындаушы берілген фитосанитариялық сертификат туралы мәліметтерді алған кезде ("Берілген фитосанитариялық сертификат туралы мәліметтерді беру" (P.SS.11.PRC.001) операциясы) орындалады
5	Шектеулер	ұсынылған мәліметтердің форматы мен құрылымы Электрондық құжаттар мен мәліметтердің форматтары мен құрылымдарының сипаттамасына сәйкес келуге тиіс. Хабарлама мен электрондық құжат (мәліметтер) Уәкілетті органдар арасында ақпараттық өзара іс-қимыл регламентінде көзделген электрондық құжаттың (мәліметтердің) деректемелерін толтыруға қойылатын талаптарға сәйкес келуге тиіс

6	Операцияның сипаттамасы	орындаушы берілген фитосанитариялық сертификат туралы мәліметтерді қабылдауды және өңдеуді жүзеге асырады және жөнелту орны мемлекетінің уәкілетті органына берілген фитосанитариялық сертификат туралы мәліметтерді өңдеу туралы хабарлама жібереді
7	Нәтижелер	берілген фитосанитариялық сертификат туралы мәліметтер өңделді, берілген фитосанитариялық сертификат туралы мәліметтерді өңдеу туралы хабарлама жөнелту орны мемлекетінің уәкілетті органына жіберілді

8-кесте

"Берілген фитосанитариялық сертификат туралы мәліметтерді өңдеу туралы хабарлама алу" (P.SS.11.OPR.003) операциясының сипаттамасы

Р/с №	Элементтің белгіленімі	Сипаттамасы
1	2	3
1	Кодтық белгіленімі	P.SS.11.OPR.003
2	Операцияның атауы	берілген фитосанитариялық сертификат туралы мәліметтерді өңдеу туралы хабарлама алу
3	Орындаушы	жөнелту орны мемлекетінің уәкілетті органы
4	Орындау шарттары	орындаушы берілген фитосанитариялық сертификат туралы мәліметтерді өңдеу туралы хабарламаны алған кезде ("Берілген фитосанитариялық сертификат туралы мәліметтерді қабылдау және өңдеу" (P.SS.11.OPR.002) операциясы) орындалады
5	Шектеулер	ұсынылған мәліметтердің форматы мен құрылымы Электрондық құжаттар мен мәліметтердің форматтары мен құрылымдарының сипаттамасына сәйкес келуге тиіс
6	Операцияның сипаттамасы	орындаушы Уәкілетті органдар арасында ақпараттық өзара іс-қимыл регламентіне сәйкес берілген фитосанитариялық сертификат туралы мәліметтерді өңдеу туралы хабарламаны

		кабылдауды және өңдеуді жүзеге асырады
7	Нәтижелер	берілген фитосанитариялық сертификат туралы мәліметтерді өңдеу туралы хабарлама өңделді

"Бұзушылық туралы мәліметтер ұсыну" (P.SS.11.PRC.002) рәсімі

26. "Бұзушылық туралы мәліметтер ұсыну" (P.SS.11.PRC.002) рәсімін орындау схемасы 3-суретте берілген.



3-сурет. "Бұзушылық туралы мәліметтер ұсыну" (P.SS.11.PRC.002) рәсімін орындау схемасы

27. "Бұзушылық туралы мәліметтер ұсыну" (P.SS.11.PRC.002) рәсімі егер, межелі орын мемлекетінің уәкілетті органы карантиндік фитосанитарлық бақылау (қадағалау) жүргізу кезінде берілген фитосанитариялық сертификатқа немесе карантинге жатқызылған өнім партиясына қатысты бұзушылық анықтаған жағдайда орындалады.

28. Алдымен "Бұзушылық туралы мәліметтер ұсыну" (P.SS.11.OPR.004) операциясы орындалады, оны орындау нәтижелері бойынша межелі орын мемлекетінің уәкілетті органы бұзушылық туралы мәліметтерді қалыптастырады және жөнелту орны мемлекетінің уәкілетті органына жібереді.

29. Жөнелту орны мемлекетінің уәкілетті органы бұзушылық туралы мәліметтерді алған кезде "Бұзушылық туралы мәліметтерді қабылдау және өңдеу" (P.SS.11.OPR.005) операциясы орындалады, оны орындау нәтижелері бойынша көрсетілген мәліметтерді қабылдау және өңдеу жүзеге асырылады. Межелі орын мемлекетінің уәкілетті органына бұзушылық туралы мәліметтерді өңдеу туралы хабарлама жіберіледі.

30. Межелі орын мемлекетінің уәкілетті органына бұзушылық туралы мәліметтерді өңдеу туралы хабарламаны алған кезде "Бұзушылық туралы мәліметтерді өңдеу туралы

хабарлама алу" (P.SS.11.OPR.006) операциясы орындалады, оны орындау нәтижелері бойынша көрсетілген хабарламаны қабылдау және өңдеу жүзеге асырылады.

31. Жөнелту орны мемлекетінің уәкілетті органына бұзушылық туралы мәліметтерді беру "Бұзушылық туралы мәліметтер ұсыну" (P.SS.11.PRC.002) рәсімін орындау нәтижелері болып табылады.

32. "Бұзушылық туралы мәліметтер ұсыну" (P.SS.11.PRC.002) рәсімі шеңберінде орындалатын ортақ процесс операцияларының тізбесі 9-кестеде келтірілген.

9-кесте

"Бұзушылық туралы мәліметтер ұсыну" (P.SS.11.PRC.002) рәсімі шеңберінде орындалатын ортақ процесс операцияларының тізбесі

Кодтық белгіленімі	Атауы	Сипаттамасы
1	2	3
P.SS.11.OPR.004	бұзушылық туралы мәліметтерді ұсыну	осы Қағидалардың 10-кестесінде келтірілген
P.SS.11.OPR.005	бұзушылық туралы мәліметтерді қабылдау және өңдеу	осы Қағидалардың 11-кестесінде келтірілген
P.SS.11.OPR.006	бұзушылық туралы мәліметтерді өңдеу туралы хабарламаны алу	осы Қағидалардың 12-кестесінде келтірілген

10-кесте

"Бұзушылық туралы мәліметтер ұсыну" (P.SS.11.OPR.004) операциясының сипаттамасы

Р/с №	Элементтің белгіленімі	Сипаттамасы
1	2	3
1	Кодтық белгіленімі	P.SS.11.OPR.004
2	Операцияның атауы	бұзушылық туралы мәліметтер ұсыну
3	Орындаушы	межелі орын мемлекетінің уәкілетті органы
4	Орындау шарттары	берілген фитосанитариялық сертификатқа немесе карантинге жатқызылған өнім партиясына қатысты бұзушылық анықтаған жағдайда орындалады
5	Шектеулер	ұсынылған мәліметтердің форматы мен құрылымы Электрондық құжаттар мен мәліметтердің форматтары мен құрылымдарының сипаттамасына сәйкес келуге тиіс
6	Операцияның сипаттамасы	орындаушы Уәкілетті органдар арасында ақпараттық өзара іс-қимыл регламентіне сәйкес бұзушылық туралы мәліметтерді

		қалыптастырады және жөнелту орны мемлекетінің уәкілетті органына жібереді
7	Нәтижелер	бұзушылық туралы мәліметтер жөнелту орны мемлекетінің уәкілетті органына жіберілді

11-кесте

"Бұзушылық туралы мәліметтерді қабылдау және өңдеу" (P.SS.11.OPR.005) операциясының сипаттамасы

Р/с №	Элементтің белгіленімі	Сипаттамасы
1	2	3
1	Кодтық белгіленімі	P.SS.11.OPR.005
2	Операцияның атауы	бұзушылық туралы мәліметтерді қабылдау және өңдеу
3	Орындаушы	жөнелту орны мемлекетінің уәкілетті органы
4	Орындау шарттары	орындаушы бұзушылық туралы мәліметтерді алған кезде ("Бұзушылық туралы мәліметтер ұсыну" (P.SS.11.OPR.004) операциясы) орындалады
5	Шектеулер	ұсынылған мәліметтердің форматы мен құрылымы Электрондық құжаттар мен мәліметтердің форматтары мен құрылымдарының сипаттамасына сәйкес келуге тиіс. Хабарлама мен электрондық құжат (мәліметтер) Уәкілетті органдар арасында ақпараттық өзара іс-қимыл регламентінде көзделген электрондық құжаттың (мәліметтердің) деректемелерін толтыруға қойылатын талаптарға сәйкес келуге тиіс
6	Операцияның сипаттамасы	орындаушы бұзушылық туралы мәліметтерді қабылдауды және өңдеуді жүзеге асырады және межелі орын мемлекетінің уәкілетті органына бұзушылық туралы мәліметтерді өңдеу туралы хабарлама жібереді
7	Нәтижелер	бұзушылық туралы мәліметтер өңделді, бұзушылық туралы мәліметтерді өңдеу туралы хабарлама межелі орын мемлекетінің уәкілетті органына жіберілді

"Бұзушылық туралы мәліметтерді өңдеу туралы хабарлама алу" (P.SS.11.OPR.006) операциясының сипаттамасы

P/c №	Элементтің белгіленімі	Сипаттамасы
1	2	3
1	Кодтық белгіленімі	P.SS.11.OPR.006
2	Операцияның атауы	бұзушылық туралы мәліметтерді өңдеу туралы хабарлама алу
3	Орындаушы	межелі орын мемлекетінің уәкілетті органы
4	Орындау шарттары	бұзушылық туралы мәліметтерді өңдеу туралы хабарламаны алған кезде ("Бұзушылық туралы мәліметтерді қабылдау және өңдеу" (P.SS.11.OPR.005) операциясы) орындалады
5	Шектеулер	ұсынылған мәліметтердің форматы мен құрылымы Электрондық құжаттар мен мәліметтердің форматтары мен құрылымдарының сипаттамасына сәйкес келуге тиіс
6	Операцияның сипаттамасы	орындаушы Уәкілетті органдар арасында ақпараттық өзара іс-қимыл регламентіне сәйкес бұзушылық туралы мәліметтерді өңдеу туралы хабарламаны қабылдауды және өңдеуді жүзеге асырады
7	Нәтижелер	бұзушылық туралы мәліметтерді өңдеу нәтижелері туралы хабарлама өңделді

"Алып қойылған фитосанитариялық сертификат туралы мәліметтерді ұсыну" (P.SS.11.PRC.003) рәсімі

33. "Алып қойылған фитосанитариялық сертификат туралы мәліметтерді ұсыну" (P.SS.11.PRC.003) рәсімін орындау схемасы 4-суретте берілген.



4-сурет. "Алып қойылған фитосанитариялық сертификат туралы мәліметтерді ұсыну" (P.SS.11.PRC.003) рәсімін орындау схемасы

34. "Алып қойылған фитосанитариялық сертификат туралы мәліметтерді ұсыну" (P.SS.11.PRC.003) рәсімі карантинге жатқызылған өнімнің партиясын жеткізу орны бойынша карантиндік фитосанитарлық бақылауды (қадағалауды) жүзеге асыру кезінде фитосанитариялық сертификатты алып қою фактісі бойынша орындалады.

35. Алдымен "Алып қойылған фитосанитариялық сертификат туралы мәліметтерді ұсыну" (P.SS.11.OPR.007) операциясы орындалады, оны орындау нәтижелері бойынша межелі орын мемлекетінің уәкілетті органы алып қойылған фитосанитариялық сертификат туралы мәліметтерді қалыптастырады және жөнелту орны мемлекетінің уәкілетті органына жібереді.

36. Жөнелту орны мемлекетінің уәкілетті органы алып қойылған фитосанитариялық сертификат туралы мәліметтерді алған кезде "Алып қойылған фитосанитариялық сертификат туралы мәліметтерді қабылдау және өңдеу" (P.SS.11.OPR.008) операциясы орындалады, оны орындау нәтижелері бойынша көрсетілген мәліметтерді қабылдау және өңдеу жүзеге асырылады. Межелі орын мемлекетінің уәкілетті органына алып қойылған фитосанитариялық сертификат туралы мәліметтерді өңдеу туралы хабарлама жіберіледі.

37. Межелі орын мемлекетінің уәкілетті органы алып қойылған фитосанитариялық сертификат туралы мәліметтерді өңдеу туралы хабарлама алған кезде "Алып қойылған фитосанитариялық сертификат туралы мәліметтерді өңдеу туралы хабарлама алу" (P.SS.11.OPR.009) операциясы орындалады, оны орындау нәтижелері бойынша көрсетілген хабарламаны қабылдау және өңдеу жүзеге асырылады.

38. Жөнелту орны мемлекетінің уәкілетті органына алып қойылған фитосанитариялық сертификат туралы мәліметтерді беру "Алып қойылған

фитосанитариялық сертификат туралы мәліметтерді ұсыну" (P.SS.11.PRC.003) рәсімін орындау нәтижелері болып табылады.

39. "Алып қойылған фитосанитариялық сертификат туралы мәліметтерді ұсыну" (P.SS.11.PRC.003) рәсімі шеңберінде орындалатын ортақ процесс операцияларының тізбесі 13-кестеде келтірілген.

13-кесте

"Алып қойылған фитосанитариялық сертификат туралы мәліметтерді ұсыну" (P.SS.11.PRC.003) рәсімі шеңберінде орындалатын ортақ процесс операцияларының тізбесі

Кодтық белгіленімі	Атауы	Сипаттамасы
1	2	3
P.SS.11.OPR.007	алып қойылған фитосанитариялық сертификат туралы мәліметтерді ұсыну	осы Қағидалардың 14-кестесінде келтірілген
P.SS.11.OPR.008	алып қойылған фитосанитариялық сертификат туралы мәліметтерді қабылдау және өңдеу	осы Қағидалардың 15-кестесінде келтірілген
P.SS.11.OPR.009	алып қойылған фитосанитариялық сертификат туралы мәліметтерді өңдеу туралы хабарламаны алу	осы Қағидалардың 16-кестесінде келтірілген

14-кесте

"Алып қойылған фитосанитариялық сертификат туралы мәліметтерді ұсыну" (P.SS.11.OPR.007) операциясының сипаттамасы

P/c №	Элементтің белгіленімі	Сипаттамасы
1	2	3
1	Кодтық белгіленімі	P.SS.11.OPR.007
2	Операцияның атауы	алып қойылған фитосанитариялық сертификат туралы мәліметтерді ұсыну
3	Орындаушы	межелі орын мемлекетінің уәкілетті органы
4	Орындау шарттары	карантинге жатқызылған өнімнің партиясын жеткізу орны бойынша карантиндік фитосанитарлық бақылауды (қадағалауды) жүзеге асыру кезінде фитосанитариялық сертификатты алып қойған жағдайда орындалады
5	Шектеулер	ұсынылған мәліметтердің форматы мен құрылымы Электрондық құжаттар мен мәліметтердің форматтары мен құрылымдарының сипаттамасына сәйкес келуге тиіс

6	Операцияның сипаттамасы	орындаушы Уәкілетті органдар арасында ақпараттық өзара іс-қимыл регламентіне сәйкес алып қойылған фитосанитариялық сертификат туралы мәліметтерді қалыптастырады және жөнелту орны мемлекетінің уәкілетті органына ұсынады
7	Нәтижелер	алып қойылған фитосанитариялық сертификат туралы мәліметтер жөнелту орны мемлекетінің уәкілетті органына жіберілді

15-кесте

"Алып қойылған фитосанитариялық сертификат туралы мәліметтерді қабылдау және өңдеу" (P.SS.11.OPR.008) операциясының сипаттамасы

Р/с №	Элементтің белгіленімі	Сипаттамасы
1	2	3
1	Кодтық белгіленімі	P.SS.11.OPR.008
2	Операцияның атауы	алып қойылған фитосанитариялық сертификат туралы мәліметтерді қабылдау және өңдеу
3	Орындаушы	жөнелту орны мемлекетінің уәкілетті органы
4	Орындау шарттары	орындаушы алып қойылған фитосанитариялық сертификат туралы мәліметтерді алған кезде ("Алып қойылған фитосанитариялық сертификат туралы мәліметтерді ұсыну" (P.SS.11.OPR.007) операциясы) орындалады
5	Шектеулер	ұсынылған мәліметтердің форматы мен құрылымы Электрондық құжаттар мен мәліметтердің форматтары мен құрылымдарының сипаттамасына сәйкес келуге тиіс. Хабарлама мен электрондық құжат (мәліметтер) Уәкілетті органдар арасында ақпараттық өзара іс-қимыл регламентінде көзделген электрондық құжаттың (мәліметтердің) деректемелерін толтыруға қойылатын талаптарға сәйкес келуге тиіс
		орындаушы алып қойылған фитосанитариялық сертификат туралы мәліметтерді қабылдауды және өңдеуді жүзеге асырады

6	Операцияның сипаттамасы	және межелі орын мемлекетінің уәкілетті органына алып қойылған фитосанитариялық сертификат туралы мәліметтерді өңдеу туралы хабарлама жібереді
7	Нәтижелер	алып қойылған фитосанитариялық сертификат туралы мәліметтер өңделді, алып қойылған фитосанитариялық сертификат туралы мәліметтер өңдеу туралы хабарлама межелі орын мемлекетінің уәкілетті органына жіберілді


16-кесте

"Алып қойылған фитосанитариялық сертификат туралы мәліметтерді өңдеу туралы хабарлама алу" (P.SS.11.OPR.009) операциясының сипаттамасы

Р/с №	Элементтің белгіленімі	Сипаттамасы
1	2	3
1	Кодтық белгіленімі	P.SS.11.OPR.009
2	Операцияның атауы	алып қойылған фитосанитариялық сертификат туралы мәліметтерді өңдеу туралы хабарлама алу
3	Орындаушы	межелі орын мемлекетінің уәкілетті органы
4	Орындау шарттары	алып қойылған фитосанитариялық сертификат туралы мәліметтерді өңдеу туралы хабарлама алған кезде ("Алып қойылған фитосанитариялық сертификат туралы мәліметтерді қабылдау және өңдеу" (P.SS.11.OPR.008) операция) орындалады
5	Шектеулер	ұсынылған мәліметтердің форматы мен құрылымы Электрондық құжаттар мен мәліметтердің форматтары мен құрылымдарының сипаттамасына сәйкес келуге тиіс
6	Операцияның сипаттамасы	орындаушы Уәкілетті органдар арасында ақпараттық өзара іс-қимыл регламентіне сәйкес алып қойылған фитосанитариялық сертификат туралы мәліметтерді өңдеу туралы хабарламаны қабылдауды және өңдеуді жүзеге асырады
		алып қойылған фитосанитариялық сертификат туралы мәліметтерді

"Сұрау салу бойынша фитосанитариялық сертификатты беру немесе бермеу фактісі туралы мәліметтерді ұсыну" (P.SS.11.PRC.004) рәсімі

40. "Сұрау салу бойынша фитосанитариялық сертификатты беру немесе бермеу фактісі туралы мәліметтерді ұсыну" (P.SS.11.PRC.004) рәсімін орындау схемасы 5-суретте берілген.



5-сурет. "Сұрау салу бойынша фитосанитариялық сертификатты беру немесе бермеу фактісі туралы мәліметтерді ұсыну" (P.SS.11.PRC.004) рәсімін орындау схемасы

41. "Сұрау салу бойынша фитосанитариялық сертификатты беру немесе бермеу фактісі туралы мәліметтерді ұсыну" (P.SS.11.PRC.004) рәсімі фитосанитариялық сертификатты беру фактісін тексеру және межелі орын мемлекетінің уәкілетті органының фитосанитариялық сертификат туралы мәліметтерді алуы мақсатында, фитосанитариялық сертификатты беру орны мүше мемлекет болып табылуы шартымен орындалады.

